

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі
Алматы облысының Білім басқармасы
МКҚК «Талғар политехникалық колледжі»

Талғар политехникалық
колледж кеңесінің
отырысында қаралды
Хаттама №1
23 тамыз 2018ж



БЕКІТЕМІ
Талғар политехникалық колледж
директоры Р.Н.Садыкова
2018 ж.

**2018– 2019 оқу жылына арналған
тәрбие жұмысының іс – шара жоспары**

I. Түсініктеме жазба

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру аясында қазақстандық қоғамдағы заманауи әлеуметтік мәдени трансформация ескеріле отырып әзірленді.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды, адам өмірі мен денсаулығын, тұлғаның еркін дамуының басымдықтарын, патриотизм, еңбексүйгіштік, адам құқықтары мен бостандығын құрметтеуге тәрбиелеуді көздейді.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы аясында отбасылық тәрбие құндылықтары, сондай-ақ оқу және тәрбие процестерінің өзара кірігуі негізінде білім беру процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға, оқыту мен тәрбиенің біріктірілуіне, тәрбие әдіснамасын, мазмұны мен құрылымын жаңартуға бағдарланған.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінде тәрбиенің даму перспективасын, басым бағыттарын, тәрбие мақсаттарын, міндеттерін, бағалау өлшемдерін және механизмдерін анықтайды.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жаһандану дәуірінде қазіргі адамда қоршаған әлемге технократтық және тұтынушылық көзқарас үстем болатын заманауи қоғам дамуының ерекшеліктерін ескереді.

Осыған байланысты адамзатты ұлттың тұрақты дамуының, рухани әлеуетінің артуына кепіл болатын прогрестің рухани-адамгершілік құндылықтарына, ана тілі мен ұлттық менталитеттің маңыздылығын нығайтуға қайта бағдарлау қажет.

Ұлттың ерекшеліктерін, психологиясын, менталитетін ескермеу, ұлттық-мәдени құндылықтар бастауынан алыстау немесе оларды космополитизм мен жалған мәдениет түрлерімен алмастыру – адамның моральдық азуына, қоршаған әлемге агрессиясының артуына, рухани-адамгершілік әлеуетінің құлдырауына әкеліп соқтырады.

Жалпыәлемдік тәрбие жүйесін зерттеу және талдау елімізде біртұтас кешенді тәрбие жүйесін, оның мақсаты мен мазмұнын ұлттық мақсаттар, мәдени құндылықтар мен дәстүрлер, діл ерекшеліктерін ескере отырып, әлемдік озық тәжірибе, заманауи прогрессивті ағымдар, инновациялар үйлесімінде құрудың маңыздылығын көрсетіп отыр.

Туған жерін, халқын сүю және құрметтеу, отбасылық құндылықтарды қастерлеу, үлкенді сыйлау, кең пейілділік, бауырмалдық, ашықтық, қонақжайлылық, толеранттық – қазақ халқының діл ерекшелігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауында атап көрсетілгендей, егеменді даму жылдарында барша қазақстандықтарды біріктіретін және ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды. Жолдауда бұл құндылықтар атап көрсетілген: Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы; қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім; зайырлы қоғам және жоғары руханият; индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім; Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы; тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы; еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы. Президент сонымен қатар, жалпықазақстандық мәдениетті дамытуға жаңаша серпін беретін белсенді, білімді және дені сау азамат қалыптастыру міндетін қойды.

Патриот, білімді, дені сау, жауапты және жігерлі, инновациялық экономика жағдайында табысты қызмет ететін, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгерген, қазақ халқының жалпыадамзаттық құндылықтар мен мәдениетті бойына сіңірген, толерантты, дүниежүзіне танымал және мәртебелі – 2020 жылғы қазақстандық жастар осындай болады.

Қазақстан Тәуелсіздікке қол жеткізген аз уақыт ішінде әлемдік қоғамдастыққа толық құқылы және беделді мүше болды, әлемдік экономикалық және мәдени кеңістікке белсенді түрде кіріге бастады. Қазақстандық жастар жаһандану процесіне кірігуі аясында қарқынды білім беру, өзара ақпараттық және мәдени алмасудың белсенді қатысушысы болды. Қазіргі қазақстандық балаларда, жастар ортасында сапалы білім алу уәжінің өсуі, жаңа кәсіптерді және ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгеруге ұмтылысы, коммуникативтілік, мәдениетаралық қарым-қатынастың артуы, әлеуметтік белсенділігін жандандыру сияқты жаңа позитивті трендтер пайда болды. Өз елінің тарихына, мәдениетіне және дәстүрлеріне, халқының мәдени мұрасына қызығушылықтарының артуы негізінде ұлттық

өзіндік сананың өсуі байқалады. Жаңа қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілікке бағдарланған дүниетаным қалыптасу процесі жүріп жатыр.

Елдегі оң өзгерістер білім беру ұйымдарының тәрбие процесінде көрініс тапты. Тәрбие практикасында жалпықазақстандық менталитет, мәдени, ұлттық-тарихи дәстүрлер ескерілген ұлттың зияткерлік, рухани және шығармашылық әлеуетін жаңғырту үшін жағдайлар жасалуда.

Қазақстанның білім беру жүйесінде оң метапәндік және тәрбиелік әлеуеті бар «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы (Бағдарлама идеясының авторы – С.А. Назарбаева) іске асырылуда. Бағдарлама білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының барлық салаларын қамтиды және тиісінше іске асырылған жағдайда қоғамда ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды жаңғырту механизмдерінің мықты катализаторы рөлін атқарады. Халықтық педагогиканың көпғасырлық тәжірибесіне негізделген, заманауи тәрбие теорияларының шабыттандыратын идеялары қолданылған «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасына (бұдан әрі - АРБ) әлемдік білім беру кеңістігінде аналог жоқ. Ол балалар мен оқушы жастардың адамгершілік-рухани тәрбиесінде білім берудің барлық деңгейлерінің үздіксіздігін және сабақтастығын қамтамасыз етеді. Жалпыадамзаттық мәңгілік құндылықтарға бағдарланған «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы ізгі ниетті, адамгершілік қасиеттері бар лайықты азамат тәрбиелеуге ықпал етеді, және Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін іске асыруда басты механизм болып табылады.

Мұғалімдердің кәсіби қызметінде жастардың функционалдық сауаттылығы, көпмәдениетті тәрбие, үштілді білім беру, ақпараттық технологияларды пайдалану процесі артып отырғаны байқалады. Республикадағы балалар мен оқушы жастарға қосымша білім беру жүйесі, үкіметтік емес және басқа да қоғамдық ұйымдар үлкен мүмкіндіктерге ие болып отыр. Сонымен бірге, балалар мен жастардың бойында ұлттық тәрбие қажеттілігін сезіну мен азаматтық ұстаным, патриоттық сезім, ұлттық намысты қалыптастыру деңгейі арасында қарама-қайшылық байқалады. Жастардың бір бөлігінде әлеуметтік-позитивті бастамашылық мүлдем жойылып, оның орнын мақсатсыз уақыт өткізу алмастырып отыр. Өмірлік жетістікке, жоғары әлеуметтік мәртебеге қол жеткізу табанды және нәтижелі еңбек етумен, қойылған мақсатқа дәйекті түрде жету білігімен байланыстырылмайды. Тәрбие жұмысында жастардың бос уақытын ұйымдастыру көңіл көтеру сипатындағы бір реттік шоу-шараларға ұқсас.

Тәрбие жүйесінде жаһандану процесіндегі шиеленіспен байланысты бірқатар проблемалар байқалады:

- балалар мен оқушы жастардың бұқаралық мәдениет құндылықтарына, сапасы төмен бұқаралық ақпарат құралдары ақпаратына және интернет-сайттарға бағдарлануы;
- қатыгездікті насихаттау, балалар мен жасөспірімдердің темекі шегуге, алкоголь және есірткі қолдануға әуестенуі, оқушылар арасындағы жезөкшелік;
- еңбек тәрбиесі рөлінің төмендеуі;
- отбасылық құндылықтар мен отбасылық тәрбие дәстүрлері рөлінің төмендеуі;
- әлеуметтік жетімдік, балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицид, нашакорлық, діни секталарға қатысу және т.б.

ЮНИСЕФ және ДДҰ 2012 және 2013 жылдардағы деректері бойынша Қазақстан суицид себебінен болған өлім-жітім көрсеткіші жағынан жасөспірімдер арасында екінші орында, ал қыздар арасында бірінші орында. Қазақстан 10-14 жасар жасөспірімдер мен қыздар арасындағы өлім коэффициентінің деңгейі бойынша бірінші орында тұр.

Балаларға қосымша білім беру жағдайы жақсартуды қажет етеді. Көптеген қызмет түрлері ақылы болғандықтан балалардың барлығына бірдей қолжетімді емес.

Мұндай жағдайдың бірден бір себебі тәрбиені әлеуметтік құбылыс және мақсатты процесс ретінде жете бағаламаушылық болып табылады. Тек тәрбие жастардың тұлға ретінде қалыптасуына негіз болатын рухани-адамгершілік құндылықтар мен қасиеттерді қалайды. Сонымен, қазіргі жағдайда тәрбиенің үйреншікті үлгілері тиімсіз болып қалды және жалпыадамзаттық әрі ұлттық құндылықтарға

тәрбиеленген Қазақстан азаматын қалыптастырудың жаңа жағдайлары мен талаптарына жауап беретін Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін дайындаудың объективті алғышарттары қалыптасты.

ТӘРБИЕНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІНІҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ, НЫСАНЫ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Мақсаты: Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау.

Міндеттері:

- білім беру ұйымдары, отбасы және басқа әлеуметтік институттардың күшін біріктіру;
- қоғамның тәрбиенің басым рөлін түсінуіне көмектесу;
- білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде тәрбиенің үздіксіздігі

мен сабақтастығын қамтамасыз ету.

Нысаны: білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінің біртұтас педагогикалық процесі.

Іске асыру механизмдері: Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде негіз болады.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.

Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастардан байқалатын критерийлер ұсынылды.

Тәрбиенің мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға, балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен

келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.

3. Тұлғаның жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педогогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыруға, экологиялық мәдениетін дамыту.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруына ықпал ету.
7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру, және бағалау әзірлігін дамыту.
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін, балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездікпен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

№	Іс- шаралар	Іс – шара түрі	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Қамтылуы	Іс-шараның орындалу нәтижесі
1.	1 қыркүйек - Білім күніне арналған салтанатты жиын. 1 Сентября- День знаний торжественная линейка	Салтанатты жиын	01.09.2018ж	ДТІЖО Ж.Құрманғожаева, №11 топ жетекшісі Р.Бердиева, көркемдік жетекші А.Алишев	1,2,3 курс студенттері	Бағдарлама, хаттама
2.	«Болашаққа бағдар: Рухани Жаңғыру» бағдарламасы аясында «Мен өз елімнің патриотымын» атты білім сабағы	Топ сағаты	01.09.2018ж	1-3 курс топ жетекшілері,	1-3 курс студенттері	Хаттама, фото есеп
3.	«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!»	Топ сағаты	04 Қыркүйек, 2018ж	1-4 курс топ жетекшілері	1-4 курс студенттері	Хаттама
4.	Қазақстан Республикасы халықтарының тілдер күніне орай «Мәңгілік ел – мәртебелі тіл»	Мерекелік кеш	21 Қыркүйек, 2018ж	№16 топ жетекшісі Б.Молдахметова, тіл мамандары, ЖІЖК	1-2 курс студенттері	Бағдарлама, слайд, есеп

	тақырыбында қорытынды кеш					
5.	«Мәңгілік елге қайратты, 100 кадаммен айбатты!» кітап көрмесі, бейнекөрме. Колледждің оқу залы Қазақстан Республикасының Н.Ә.Назарбаевтың жұмыстарының бейнекөрмесі мен елдің айрықша күндеріне арналған мемлекеттік баспаларды ұсынады.	Топ сағаты, Кітап көрмесі	08 Қаңтар, 2019ж	1-2 курс топ жетекшілері, кітапхана меңгерушілері	1-2 курс студенттері	Хаттама
6.	1. ҚР жаңа Кодекске енген әкімшілік құқық бұзушылық қабылдануына байланысты: «Кәмелеттік жасқа толмағандардың әкімшілік құқық бұзушылықтың жауапкершілігі» 2. « Оқытушы мен студенттер арасындағы қарым-қатынас психологиясы және оның тәлім – тәрбиелік маңызы». 3. ҚР жаңа енген ҚК сәйкес, «Кәмелеттік жасқа толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі».	ПБ, ЖӨИ қызметкерлерімен кездесу, аудандық семинар-тренинг:	Қараша, 2018ж	ДТІЖО, колледж инспекторы, колледж психологы, әдіскер	1,2,3 курс топ жетекшілері, топ шеберлері	Бағдарлама, слайд, есеп, фотосурет
		Топ сағаты	06 Қараша, 2018ж	1-2 курс топ жетекшілері	1-2 курс студенттері	Хаттама
7.	«Кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстар және жасанды түсік» атты түсіндірме жұмыстарын жүргізу.	Топ сағаты	13 Қараша 2018ж	1-2 курс топ жетекшілері колледж психологы	1-2 курс студенттері	Хаттама
8.	«Жасөспірім, қоғам, заң», «Подросток, общество, закон» студенттер арасында жиналыс өткізу	Жиналыс	04.10.2018ж	Колледж инспекторы, УВР, психолог	1 курс студенттері	Хаттама, фото есеп

9.	«Все о космосе» бірінші ұшқыш Т.Аубакиров туралы	Топ сағаты	10.04.2019	1-2 курс топ жетекшілері	1-2 курс студенттері	Хаттама
10.	«Бала құқығы» әңгіме-сұхбат жүргізу	Профилактикалық жұмыс	Әр айдың 2-ші аптасында	1-2 курс топ жетекшілері	1-2 курс студенттері	Хаттама
11.	«Терроризм және қоғамдық қауіпсіздік» тәрбиелік мәдени іс-шара ұйымдастыру.	Аудандық масштабта іс-шара	04 желтоқсан, 2018ж	ДТІЖО, ТАІП-нің қызметкерлері, Талғар ауданының ішкі саясат бөлімі, №26 топ жетекшісі Ә.Қойгелдиева	1-2 курс студенттері	Хаттама, слайд, фотосуреттер, бағдарлама
12.	Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің бірлескен отырысы.	Кеңес отырысы	Әр айдың соңғы бейсенбісі	Кеңес мүшелері, колледж инспекторы, топ шеберлері мен топ жетекшілері	1,2 курс студенттері. Топ жетекшілер, топ шеберлер	Хаттама
13.	«Жасөспірімдер неге қылмыс жасайды»	Топ сағаты	Кесте бойынша	1-2 курс топ жетекшілері, топ шеберлері	1-2 курс студенттері	Хаттама
14.	1. «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» 2. Сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің алдын алу. «Таза сессия» Сауалнама жүргізу	Дөңгелек үстел Сауалнама	Желтоқсан, 2018ж Әр семестрде 1 рет Желтоқсан, Маусым айлары 2019ж	№14 топ жетекшісі С.Аманова ДТІЖО Ж.Құрманғожаева, Колледж психологы Ф.Жыргалбаева	1-2,3 курс студенттері	Есеп, фотосурет Хаттама
15.	1-желтоқсан ҚР Бірінші Президент күніне орай және Тәуелсіздік күніне арналған « Бір отан,бір тағдыр,бір Елбасы » « Біздің елбасы » кітап көрмесі	Белсенді жастармен тәрбие сағатын өткізу	Желтоқсан, 2018ж	Кітапханашы Р.Тоқабаева, топ жетекшілер	1-3 курс студенттері	Хаттама, слайд
16.	Қазақстан Республикасы	Мерекелік кеш,	14 Желтоқсан,	ДТІЖО	1-2 курс	Бағдарлама,

	Тәуелсіздігіне 27 жыл «Тәуелсіз елім-тірегім!» «Ар-намысым, қасіретім, қуанышым - Желтоқсан!» 1. Ел Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауын қарау және талдау.	кітап көрмесі	2018ж	Ж.Құрманғожаева, 17 топ жетекшісі Ф.Алиева, тарих пән оқытушылары	студенттері	слайд, есеп, фотосурет
		Топ сағаты	Желтоқсан, 2018ж	1-2 курс топ жетекшілері	1-2 курс студенттері	Хаттама
17.	1. Ауған соғысының құрбаны болған, колледж түлегі Г.Захаровты еске алуға арналған патриоттық және спорттық іс-шара 2. «Саптық әндер» байқауын ұйымдастырып өткізу. Жасөспірімдердің әскери-дала жинақталуы	Патриоттық, спорттық іс-шара	26 Қазан, 2018ж	ДТІЖО, АӘД пән оқытушысы, дене шынықтыру пән оқытушылары	1-3 курс студенттері	Бағдарлама, хаттама
		Байқау	Мамыр 2019ж	АӘД пән оқытушысы А.Нурғалиев	1-2 курстар	Бағдарлама, хаттама, фотосурет
18.	«Рухани жаңғырудың жарқын жолы» атты баяндама сағаты	Топ сағаты	09 Қазан 2018 ж	1-3 курс топ жетекшілері	1-2 курс студенттері	хаттама, фотосурет
19. 20.	9 мамыр – Жеңіс Күні: «Ұшқыны Ұлы Жеңістің» Ұлы Жеңіс күніне арналған кеш	Соғыс ардагерлерімен, еңбек ардагерлерімен кездесу кеші.	Мамыр, 2019ж	ДТІЖО Ж.Құрманғожаева, №13 топ жетекшісі А.Мыңбаева, көркемдік жетекші А.Алишев	1-2 курс студенттері	Хаттама Бағдарлама, слайд, есеп Хаттама
	ҚР Рәміздер тарихы және оларды насихаттау «Мемлекеттік рәміздер-ұлттық мақтанышымыз» «Рәміздер – ел мақтанышы» Колледжде орналасқан мемлекеттік рәміздердің жай-күйін ұдайы бақылауда ұстап, қадағалап отыру. «Соғыс жылдарынан көрініс» 31-мамыр Репрессия құрбандарын еске алу күні	Тәрбие сағаттары, байқау, зачет	Жыл бойы	1-3 курс топ жетекшілері	1-2 курс студенттері	Хаттама Бағдарлама, слайд, есеп Хаттама Бағдарлама, слайд, есеп Хаттама Есеп, фотосурет
		Салтанатты жиын	Маусым 2019 ж. Жыл бойы	25 топ жетекшісі С.Иманбекова		
		Үнемі		Топ жетекшілері		
		Топ сағаты	28 Мамыр, 2019ж			
21.	ҚР Тәуелсіздігіне арналған жастар	Веселые старты	01.12-	ҚДМ, топ жетекшілері,	1-2-3 курс	Хаттама, фото

	акциясы «Спорт вместо наркотиков»	среди учебных групп	14.12.2018ж	топ шеберлері, дене шынықтыру пән мұғалімдері	студенттері	есеп
--	-----------------------------------	---------------------	-------------	---	-------------	------

№2 Тәрбие бағыты

Рухани адамгершілік тәрбие

Мақсаты:

Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

№	Іс- шаралар	Іс – шара түрі	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Қамтылуы	Іс-шараның орындалу нәтижесі
1	«Жанұя рухани адамгершілік тәрбиесінің негізі» тақырыбында пікірталас.	Пікірталас	Қараша, 2018ж	Педагог-психолог Ф.Жыргалбаева	1-3 курс студенттері	Хаттама
2	Студенттердің колледждегі оқу жағдайына бейімделуін зерттеу «Бейімделу».	Сауалнама	Қазан 2018	Педагог-психолог Ф.Жыргалбаева	1 курс студенттері	Хаттама
3	«Ұрпақ тәрбиесіндегі рухани - адамгершілік мәселелері»	Тәрбие сағаты	25 Желтоқсан, 2018ж	Топ жетекшілері	1-2 курс студенттері	Хаттама
4	«Қарты бар ел қазыналы», «Ұстаз – аты биік, әрі мәңгілік» атты мерекелік кеш.	Акция Мерекелік кеш	05 Қазан, 2017ж	Әкімшілік №19 топ жетекшісі Б.Нүптекеева	1-3 курс студенттері	Бағдарлама, слайд, есеп, фотосурет
5	Халықаралық тарихи ескерткіштер күніне арналған акцияларға қатысу «Туған өлкеміздің тарихын білесіз бе?»	Акция	08.04-19.04.2019ж	Тарих пән оқытушылары	1-2 курс студенттері	Хаттама, фото есеп
6	«Өмір сен қандай қымбатсың?!» жастардың өмірге деген көзқарасы	Сауалнама жүргізу, әңгімелесу	Қараша, 2017ж	Колледж психологы	1-2 курс білім алушылары	Есеп

7	Психолог мамандарының көмегі керек пе?	Тренинг сабағы	Қаңтар, 2019ж	Колледж психологы Ф.Жыргалбаева	Колледж ұжымы	Хаттама, слайд, есеп, фотосурет
8	1 наурыз Алғыс айту күні «Бір халық- бір мүдде»	Топ сағаты	1 наурыз 2019ж	1-2 курс топ жетекшілері	1-2 курс студенттері	Хаттама
9	8 Наурыз халықаралық әйелдер күні «Ана- өмір гүлі»	Мерекелік кеш	07 Наурыз, 2019ж	21 топ жетекшісі Н.Надырова студенттер кеңесі	1-2 курс студенттері	Бағдарлама, слайд, есеп, фотосурет
10	Жігіт Сұлтаны -2019 Талғар қаласы колледждер арасында байқау «Жігітке жеті өнер де аз»	байқау	26 Сәуір 2019ж	№45 топ кураторы Р.Рғымбаева Б.Молдахметова	Колледж студенттері	Бағдарлама, хаттама
11	«Білімге жол ашқан - Кітап» (жылдың үздік оқырманын анықтау)	Байқау	Маусым, 2019ж	Кітапхана қызметкерлері Р.Тоқабаева	1-3 курс студенттері	Есеп
12	«Суицид-қасіреттің қара түнегі»	Дөңгелек үстел	Ақпан, 2019ж	Колледж психологы, жастар комитеті	1-2 курс студенттері	Бағдарлама, слайд, есеп, фотосурет
13	Оқырмандарға кітап қорын пайдалануға жағдай жасау. <ul style="list-style-type: none"> Жастардың оқу мәдениетін көтеру. Студенттердің талабына сай оқулықтарды жан-жақты сұрастыру 		Үнемі	Кітапхана қызметкерлері Р.Тоқабаева	1-3 курс студенттері	Есеп
14	1. «Қарым қатынасты дамыту» 2. «Жеке тұлғаның өзін-өзі бағалауы» 3. «Сенімділік күш береді»	Тренинг	Жоспар бойынша	Педагог-психолог Ф.Жыргалбаева	1 курс студенттері 2 курс студенттері 3 курс студенттеріне	Хаттамалар
15	«Осторожно экстремизм!», «Экстремизмнен сақ бол!»	Топ сағаты	Жыл бойы	1-2 курс топ жетекшілері, топ шеберлері	1-2 курс студенттері	Хаттама

Мақсаты:

Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

№	Іс- шаралар	Іс – шара түрі	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Қамтылуы	Іс-шараның орындалу нәтижесі
1.	Мемлекеттік тіл күні. «Тіл апталығы» шеңберінде ұйымдастырылған қалалық, аудандық, колледжішілік іс-шараларға қатысу	Байқау	Жыл бойы	Тіл мамандары	1-2 курс студенттері	Есеп
2.	«Тіл және Тәуелсіздік» атты кітап көрмесін ұйымдастыру	Көрме	Қыркүйек, 2018ж	Кітапхана қызметкерлері	1-2 курс студенттері	Есеп, фотосурет
3.	Барлық топтарда тілдер мерекесіне орай қабырға газеттерін шығару және эссе жазу	Байқау	Қыркүйек 2018ж	Тіл мамандары	1-2 курс студенттері	Бағдарлама, есеп, фотосурет
4.	М.Мақатаевтың туылған күніне орай, «Хантәңірі мұзбалағы» «Жыр алабы Жамбыл!»	Поэзия кеші Шығармашылық кеш	Ақпан, 2019ж Ақпан 2019	19 топ жетекшісі Л.Сапарбекова Б.Касымова	1-2 курс студенттері	Бағдарлама, слайд, есеп, фотосурет
5.	«Нұр себеле, Ұлыстың Ұлы күні!» жалпы колледж ішілік мереке	Мерекелік кеш, кітап көрмесі	15 Наурыз, 2019ж	№ 23 Топ жетекшісі Ж.Қабылбекова, кітапхана меңгерушісі Р.Токабаева	1-2 курс студенттері	Бағдарлама, слайд, есеп, фотосурет
		Топ сағаты	19 Наурыз 2019ж	1-2 курс топ жетекшілері	1-2 курс студенттері	Хаттама
6.	Наурыз мейрамы	Аудандық іс шара	22 Наурыз, 2019ж	Әкімшілік, топ жетекшілері, топ шеберлері, Ш.Ахметжанов, З.Молдабаева	1-2 курс студенттері	фотосурет
7.	«Жирен жаман әдеттен, үйрен жақсы әдеппен» атты топ сағаты	Топ сағаты	16 Сәуір 2019ж	1-2 курс топ жетекшілері	1-2 курс студенттері	Хаттама
8.	«Қызды қырық үйден тыю» атты аналарымен кездесу	Кездесу кеші	01 Ақпан 2019ж	№13 топ жетекшісі А.Мыңбаева педагог-психолог Ф.Жыргалбаева	1 курс студенттері	Бағдарлама, фотосурет
9.	«Ұлтаралық келісім- басты байлығымыз »	Дөңгелек үстел	Сәуір, 2019ж	Тарих пән оқытушысы Ә.Қойгелдиева	1 курс студенттері	Есеп, фотосурет, бағдарлама

10.	«Бейбітшілік таңы» Қазақстан бірлігі күніне арналған топ сағаты	Топ сағаты	30 сәуір 2019ж	Топ жетекшілері	1-2 курс студенттері	Бағдарлама, слайд, есеп, фотосурет
11.	Ұлттық тәрбие-Отаншылдық кепілі	Топ сағаты	14 Мамыр 2019ж	топ жетекшілері	1-2 курс студенттері	Хаттама
12.	Терроризм және экстремизм зардаптары	Топ сағаты	23 сәуір 2019ж	топ жетекшілері	1-2 курс студенттері	Хаттама

№4 Тәрбие бағыты

Отбасы тәрбиесі

Мақсаты:

Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педогогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

№	Іс- шаралар	Іс – шара түрі	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Қамтылуы	Іс-шараның орындалу нәтижесі
1.	Әрбір студенттің отбасы туралы мәліметтер жинау	Әңгімелесу, сауалнама	Қыркүйек, 2018ж	1-3 курс топ жетекшілері, топ шеберлері	1-3 курс студенттері	Мәлімет
2.	Бұзақылыққа бейім студенттің отбасы, әлеуметтік жағдайын анықтап, қадағалау жұмыстарын жүргізу	Әңгімелесу, сауалнама	Әр ай сайын	1-3 курс топ жетекшілері, топ шеберлері, колледж психологы		Есеп, мәлімет
3.	Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жұмыс	Әңгімелесу, сауалнама	Жыл бойы	1-3 курс топ жетекшілері, топ шеберлері, колледж педагог-психологы		Есеп, мәлімет
4.	Жаңа қабылданған студенттердің ата-аналарымен жиналыс өткізу, колледждің мақсаты мен міндеттерін таныстыру.	Жиналыс	Қыркүйек, 2018ж	Топ жетекшілері, топ шеберлері	1 курс ата-аналары	Хаттама, фото суреттер
5.	Жалпы ата-аналар жиналысын өткізу, келісім-шарт бойынша міндеттерді орындау бойынша ата-аналарға кеңес беру	Жиналыс	Қазан 2018ж, маусым 2019 ж	Әкімшілік	1-3 курс студенттерінің ата-анасы	Хаттама.
6.	Жанұя күніне, жанұялық құндылықтарға арналған тақырыптық топ сағаттары	Топ сағаты	Қараша, 2018ж	1-2 курс топ жетекшілері	1-2 курс студенттері	Әдістемелік әзірлемелер

7.	Барлық топтарда ата-аналар жиналысын өткізу «Заң және біз» колледж ережелерімен, заңдармен таныстыру	Жиналыс	Жарты жылдықта 1 рет	1-3 курс топ жетекшілері, әкімшілік ДТІЖО Ж.Құрманғожаева колледж инспекторы Б.Нурметов	1-3 курс студенттерінің ата-анасы	Хаттама
8.	«Отбасы тәрбие бастауы»	Топ сағаты	26 Ақпан 2019ж	Топ жетекшілері	1-2 курс студенттері	Хаттама
9.	Отбасындағы сыйластық. «Бүгінгі-жас, ертеңгі-әке, ана»	Диспут	Сәуір 2019ж	Колледж психологы Ф.Жырғалбаева	1-2 курс студенттері	Хаттама, фотосурет
10.	«Отбасы, неке, отбасындағы қыз баланың тәрбиесі» пікір алмасу	Пікір алмасу	мамыр, 2019ж	Колледж педагог-психологы, №19 топ жетекшісі Л.Сапарбекова	1-3 курс студенттері	Бағдарлама, Хаттама, фотосурет
11.	«Отбасы-бақыт мекені»	Топ сағаты	11 қыркүйек 2018ж	1-3 курс топ жетекшілері	1-3 курс студенттері	Хаттама
12.	«Болашақ жастардың қолында» тақырыбында сөйлесулер циклын өткізу: - Ішімдік және жанұя; - Жүктілік пен жаман әдеттер; - Әйел ағзасын аналық функцияларды орындауға дайындау; - Контрацепсияның заманауи әдістері	Мамандармен кездесу	Оқу жылы барысында	Топ жетекшілері, колледж медбикесі Р.Наурызбекова Колледж психологы Ф.Жырғалбаева	1-3 курс студенттері	Хаттама, фотосурет
13.	Келесі тақырыптар бойынша жанұялық рөлге саналы қарым-қатынасты қалыптастыру бойынша: - Менің жанұямның дәстүрлері; - Студенттік жанұя: жақтаушылар мен қарсылар; - Ерте неке; - Жанұяны құруға психологиялық дайындық; - Аналық және әке болу әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде; - Туған және жақын адамдарымызға деген қамқорлық; - Жанұяны құруға себеп; - Нәзіктік: ерлер бағалайтын әйелдің қырлары, әйелдер бағалайтын ердің қырлары, - адам өмірінде жанұяның рөлі мен	Әңгімелер, сауалнамалар, жеке кеңес беру, топтық жұмыс өткізу	Оқу жылы барысында	Топ жетекшілері, колледж медбикесі Р.Наурызбекова колледж психологы Ф.Жырғалбаева		Хаттама

мәні; - Махаббат пен ғашықтық; - Әйел мен еркектің психологиялық рөлдері					
--	--	--	--	--	--

№5 Тәрбие бағыты

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты:

Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

№	Іс- шаралар	Іс – шара түрі	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Қамтылуы	Іс-шараның орындалу нәтижесі
1.	«Кто любит труд, того люди чтут»	Топ сағаты	20.03.2019	1-2-3 курс топ жетекшілері, топ шеберлері	1-2-3курс студенттері	Хаттама
2.	Студенттердің таңдаған мамандығына, кәсібіне, еңбекке ынта-ықыласын қалыптастыру	Әңгімелесу	Жыл бойы	1-3 курс топ жетекшілері	1-3 курс студенттері	Хаттама
3.	Экономическая игра, посвященная Дню национальной валюты	Игра	Қараша, 2018ж	Н.Лавренова	1-3 курс студенттері	Хаттама
4.	«Мамандығым мақтанышым» Әр мамандықтар бойынша сайыстар өткізу	Сайыстар	Жоспар бойынша	1-2 топ шеберлері, аға шебер А.Мусалимова	1-2 курс студенттері	Хаттама, фотосурет
5.	Білім алушыларды өндіріс орындарына, мекемелерге экскурсияға апару	Экскурсия	Жыл бойы	1-3 курс топ шеберлері, аға шебері	1-3 курс студенттері	Хаттама, фото сурет
6.	Колледж түлектерімен және еңбек ардагерлері мен кездесу	Кездесу	Жыл бойы	Топ жетекшілері, топ шеберлері	1-3 курс студенттері	Хаттама
	«Тазалық -өмір талабы»	Топ сағаты	05 Ақпан, 2019ж	Топ жетекшілері	1-3 курс студенттері	Хаттама
	Экологиялық тақырыптарға топ сағаты	Топ сағаттары	Жыл бойы	Топ жетекшілері, топ шеберлері	1 курс студенттері	Бағдарлама, слайд, есеп,

						фотосурет
7.	Сенбіліктер өткізу: -колледж аумағын тазарту -қала көшелерін тазарту -колледж аумағын көгалдандыру жұмысын ұйымдастыру -ағаштар көшетін отырғызу,гүлзарларды жөндеу	Тазарту жұмыстары	Оқу жылы барысында	Аға шебер, өндірістік шеберлер, жастар комитеті	1-3 курс студенттері	Есеп, фотосурет
8.	«Жұмысқа орналасу кезінде бәсекеге қабілеттілікті жоғарылату»	Мамандармен кездесу	Жарты жылдықта 1 рет	ДӨІЖО Е.Мамриев, аға шебер А. Мусалимова	3-4 курс студенттері	Ақпарат, фотосурет
9.	Туризмды дамыту «Ұлтаралық Марш Парк» акциясына қатысу	Акция	Үнемі Мамыр 2019ж	А.Абеева, Б.Нуптекеева, топ шеберлері	1-3 студеттері	Хаттама, фото суреттер
10	Кәсіптік бағдар беру мақсатында Ашық есік күндерін өткізу (концерттік бағдарлама,көрмелер,мамандық бойынша презентация)	Ашық есік күні	Сәуір,мамыр 2019ж	ДТДЖО Ж.Құрманғожаева, ДӨІЖО Е.Мамриев,топ шеберлері,топ жетекшілері	Аудан,қала мектеп оқушылары	Хаттама, фото суреттер

№6 Тәрбие бағыты

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты:

Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.

№	Іс- шаралар	Іс – шара түрі	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Қамтылуы	Іс-шараның орындалу нәтижесі
1.	Конкурс «Политех -лучше всех» на лучший проморолик по специальностям	Конкурс	Сәуір 2019 ж	ДТДЖО Ж.Құрманғожаева, М.Кәдірбек, топ шеберлері	1-2 курс студенттері	Хаттама
2.	Аудандық, облыстық ғылыми конференцияларға, жобаларға қатысу	Байқау	Жыл бойы	Әдіскер, 1-3 курс топ жетекшілері	1-3 курс студенттері	Есеп

3.	Колледж сайтымен жұмыс		Жыл бойы	Қ.Қарынбаев, Ж.Володия		Есеп беру
4.	Жастарды колледждің және топтың қоғамдық жұмыстарына белсенділіктерін арттыру		Жыл бойы	ДТІЖО Ж.Құрманғожаева, топ жетекшілер, ЖЖК	1 курс студенттері	Белсенді студенттердің тізімі
5.	«Туған жерге тағзым»	Топ сағаты	23 Қазан, 2018ж	Топ жетекшілері	1-2 курс студенттері	Есеп , фотосурет
6.	Колледжішілік, қалалық іс-шараларды сайтқа орналастыру			Қ.Қарынбаев ДТІЖО Ж.Құрманғожаева М.Қадірбеков		
7.	«Интернет тарихы, пайдасы мен зияны» атты ашық тәрбие сағаты	Ашық тәрбие сағаты	08 Сәуір, 2019ж	М.Қадірбеков	1-2 курс студенттері	Есеп , фотосурет
8.	Колледж жетістіктерін кең көлемде насихаттау БАҚ жариялау		Үнемі	ДТІЖО Ж.Құрманғожаева Топ жетекшілері		

№7 Тәрбие бағыты

Тақырыбы: Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты:

Тұлғаның жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, көпмәдениетті орта құру.

№	Іс- шаралар	Іс – шара түрі	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Қамтылуы	Іс-шараның орындалу нәтижесі
1.	Студенттерді мәдени орындарға: мұражайға, театрларға, концертке, саяхатқа, көрмелерге апару	Саяхат жасау	Оқу жылы барысында	1-2 курс топ жетекшілері, топ шеберлері	1-2 курс студенттері	Есеп, фотосурет
2.	Білім беруде зайырлы пейіл үрдістерін ұстану. Колледж студенттері мен оқытушылары баратын діни ұйымдардың атауын анықтау. Діни ұйымдарға баратын студенттер мен ұйымдардың тізімін құру.	Әңгіме – сұхбат жүргізу	Оқу жылы басында	Колледж психологы, топ жетекшілері	1-3 курс студенттері	Мәлімет

3.	Талғардың ақын, жазушыларымен кездесу	Кездесу кеші	мамыр, 2019ж	№19 топ жетекшісі Л.Сапарбекова, кітапханашы Р.Тоқабаева	2 курс студенттері	Бағдарлама, фотосурет
4.	«Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын насихаттау аясында кітап көрмесі	Кітап көрмесі	Қаңтар, 2019ж	Кітапхана меңгерушілері, жастар комитеті	1-3 курс студенттері	Есеп, фотосурет
5.	Студенттер арасында шыдамдылық пен діни деңгейлерін анықтау	Сұхбат, сауалнама	Жарты жылдықта 1 рет	Колледж психологы	1-2 курс студенттері	мәлімет
6.	«Күз әлемі»	Мерекелік іс-шара	Қараша, 2018ж	№18 топ шебері А.Айдархан, №22 топ шебері А.Жакупов, Жастар комитеті	1-2 курс студенттері	Бағдарлама, слайд, есеп, фотосурет
7.	Студент қатарына қабылдау рәсімі	Салтанатты кеш	26 Қазан, 2018ж	ДТІЖО Ж.Құрманғожаева, №13 топ жетекшісі А.Мыңбаева, Жастар комитеті	1 курс студенттері	Бағдарлама, слайд, есеп, фотосурет
8.	«Қош келдің Жаңа жыл-2019! »	Мерекелік кеш	Желтоқсан, 2018ж	№17 топ жетекшісі Ф.Алиева, №24 топ жетекшісі Ж.Сеитов	1-3 курс студенттері	Бағдарлама, слайд, есеп, фотосурет
9.	Диплом тапсыру рәсімі	Салтанатты жиын	Маусым 2019ж	ДТІЖО Ж.Құрманғожаева №16 топ жетекшісі Б.Молдахметова, №16 топ шебері Омарбек Маржан	3 курс студенттері	Бағдарлама, есеп, фотосурет
10.	Облыс, аудан, қала көлемінде өтетін іс-шараларға белсене қатысу	Іс-шаралар	Үнемі	Колледж студенттері, оқытушылар, белсенділер	1-2 курс студенттері	Фотосуреттер
11.	«Жас қалам», «Жас талант», шығармашылық үйірмелерінің жұмыстарын жандандыру	үйірмелер	Үнемі	Б.Касымова, А.Алишев	Үйірме мүшелері	Есеп
12.	«Жүзден жүйрік-мыңнан тұлпар!» Оқу жылы қорытындысы бойынша үздік топтар, белсенділер, өнерлі жастар тізімін анықтау, марапаттау	Рейтингі бойынша қорытынды	Оқу жылының соңында	Әкімшілік	Белсенділер	Есеп

№8 Тәрбие бағыты

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты:

Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

№	Іс- шаралар	Іс – шара түрі	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Қамтылуы	Іс-шараның орындалу нәтижесі
1.	«Денсаулық - зор байлық»	Топ сағаты	06 қараша 2018	1-3 курс топ жетекшілері	1-3 курс студенттері	Хаттама
2.	Студенттердің денсаулық жағдайына мониторинг құру	Бақылау	Оқу жылы барысында	Медбике	1-3 курс студенттері	Есеп
3.	Студенттердің медициналық карталарын жүйелендіру	Жүйелеу	Қыркүйек, 2018ж	Медбике	1-3 курс студенттері	Есеп
4.	«Саламатты Қазақстан - ұлт денсаулығының кепілі»	Денсаулық фестивалі	Мамыр, 2019ж	Дене шынықтыру пәні оқытушылары	1-3 курс студенттері	Бағдарлама, слайд, есеп, фотосурет
5.	Спорт секцияларының жұмысы, оған қатысатын студенттер тізімін анықтау	Мәлімет	Қыркүйек-қазан, 2018ж	Дене шынықтыру пәні оқытушылары	1-3 курс студенттері	Есеп
6.	Волейбол, баскетболдан жолдастық кездесулер /колледж оқытушылары құрамасы, ұлдар және қыздар командасы	Спорттық жарыстар	Оқу жылы барысында	Дене шынықтыру пәні оқытушылары	1-3 курс студенттері, колледж оқытушылары	Есеп
7.	Дін, жемқорлық, нашақорлыққа қарсы іс-шара, «Нашақорлық туралы білесің бе?» «Бүкіл әлемдік туберкулезге қарсы күрес күні»	Топ сағаты, сауалнама	Қаңтар, 2019ж қаңтар 2019	Топ жетекшілері, колледж психологы Топ жетекшілері	1-2 курс студенттері	Бағдарлама, слайд, есеп, фотосурет
8.	Колледж түлегі, Ауған соғысының құрбаны болған Г.Захаровты еске алу кросс – эстафетасы.	Патриоттық, спорттық іс-шара	Қазан, 2018ж	ДТІЖО, АӘД пән оқытушысы, дене шынықтыру пән оқытушылары	1-2 курс студенттері	Хаттама
9.	«Саптық әндер» байқауын ұйымдастырып өткізу. Жасөспірімдердің әскери-дала жинақталуы	Байқау	Мамыр 2019ж	АӘД пәні оқытушысы А.Нұрғалиев	1-3 курс студенттері 1-2 курс студенттері	Бағдарлама, хаттама Бағдарлама, хаттама,

						фотосурет
10.	Білім алушылардың дәрумендік тамақтануын ұйымдастыру	Ұйымдастыру жұмысы	Үнемі	Медбике, аға аспазшы, ДТІЖО	1-3 курс студенттері	Есеп
11.	«Темекі, насыбайдың зияны» тақырыбында лекция өткізу		Сәуір 2019 ж	Медбике	1-2 курс студенттері	Хаттама, слайд, фотосурет

Изучить:

- Конституция РК (1995г);
- Закон об образовании
- Закон РК «О правах ребенка РК» (2002);
- Закон РК «О религиозной деятельности и религиозных объединениях»;
- Закон РК «О профилактике правонарушений среди несовершеннолетних и предупреждении детской безнадзорности и беспризорности»;
- Закон РК «О профилактике бытового насилия».
- Закон Республики Казахстан «О противодействии коррупции» от 18 ноября 2015 года

Указы, постановления Президента РК

- Послание Президента «Нұрлы Жол - Болашаққа бастар жол» (2014 г.);
- Ежегодное Послание Президента Н.А.Назарбаева народу Казахстана.
- Реализация в УВП национальной идеи «Мәңгілік Ел»;
- Реализация в УВП национального плана «Нақты 100 қадам»;
- постановление Правительства РК от 12 апреля 2012 года №451 «Об утверждении отраслевой программы на 2012-2016 годы по борьбе с наркоманией и наркобизнесом»;
- постановление Правительства РК №873 от 29 июня 2012 года «Об утверждении Типового комплексного плана по усилению воспитательного компонента процесса обучения во всех организациях образования»